

"Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігінің 2024 жылғы 29 наурыздағы № 16 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 3 сәуірде № 34218 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 85 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.04.2026 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелері, капиталының капиталының мөлшерінде:

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. "Бір қарыз алушы" деген терминді оған банктің талаптары бар немесе Нормативтердің 57-тармағында көрсетілген талаптар туындауы мүмкін әрбір жеке немесе заңды тұлға деп түсіну керек. 2 (екі) немесе одан да көп қарыз алушылардан тұратын топ үшін тәуекел мөлшері егер қарыз алушылардың

әрқайсысының тәуекел мөлшері банктің меншікті капиталының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызынан асатын болса, сондай-ақ мынадай жағдайлардың бірі болғанда 1 (бір) қарыз алушыға сияқты жиынтықты түрде есептеледі:

1) қарыз алушылардың бірі басқа қарыз алушының ірі қатысушысы (акционерлік қоғамның, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің немесе қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің жарғылық капиталына қатысу үлесінің немесе дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама түрде иеленетін жеке немесе заңды тұлға, коммандиттік серіктестікте толық серіктестік, толық серіктестікке қатысушы), үлестес тұлғасы, жақын туысы (ата-анасы, баласы, асыраушысы, асырап алған баласы, туған және туысқан бауыры немесе қарындасы (апасы, қарындасы), атасы, әжесі, немересі), жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы, бірінші басшысы не басқа қарыз алушымен мәміле жасауға мүдделі тұлға болып табылады;

2) бір қарыз алушының ірі қатысушысы, жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы немесе бірінші басшысы не бір қарыз алушымен мәміле жасауға мүдделі тұлға басқа қарыз алушының ірі қатысушысы, жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы немесе бірінші басшысы не басқа қарыз алушымен мәміле жасауға мүдделі тұлға болып табылады;

3) бір қарыз алушының ірі қатысушысы, жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы немесе бірінші басшысы не бір қарыз алушымен мәміле жасауға мүдделі тұлға басқа қарыз алушының не басқа қарыз алушымен мәміле жасауға мүдделі тұлғаның ірі қатысушысының, жақын туысының, жұбайының (зайыбының), жұбайы (зайыбы) жақын туысының немесе бірінші басшысының ірі қатысушысы, жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы немесе бірінші басшысы не мәміле жасауға мүдделі тұлғасы болып табылады;

4) қарыз алушылардың бірі өзі банктен қарызға алған ақшасын беретін қарыз алушының меншікті капиталынан асатын мөлшерде басқаға пайдалануға бергендігін растайтын жеткілікті негіздер бар;

5) қарыз алушылар банктен қарызға алған қаражатын банктің қарыз алушысы болып табылмайтын сол бір үшінші тұлғаға осы қарыз алушылардың жиынтық меншікті капиталынан асатын мөлшерде бірлесіп немесе жекелей бергенін растайтын жеткілікті негіздер бар;

6) қарыз алушылар қарыз алушылардың бірі (Қазақстан Республикасының банктерінен басқа) басқа қарыз алушының міндеттемелері бойынша өз активтерінің 10 (он) пайызынан асатын сомада ортақ не субсидиарлық жауапкершілік атқаратындай болып байланысты болған;

7) бір қарыз алушының лауазымды тұлғасы банктің басқа қарыз алушыларының қызметіне қаржылық жағынан мүдделілігі болған;

8) консорциумның мүшелері болып табылатын қарыз алушыларды қоспағанда, қарыз алушылар бір-бірімен бірлескен қызмет туралы шартпен не бірлескен қызмет туралы шарттың белгілері бар өзге құжатпен байланысты болған;

9) қарыз алушылар сақтандыру полистері, резервтік аккредитивтер, кепілгерліктер, сондай-ақ "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының және олардың еншілес ұйымдарының, "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамының, Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікті дамыту және қолдау институттарының, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігі бар Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігінің, Standard & Poor's агенттігінің (Стандарт энд Пурс) "B"-дан төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарының, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің кепілдіктері түрінде берілген жалпы қамтамасыз етудің болуы жағдайларын қоспағанда, олардың міндеттемелері үшінші тұлғаға тиесілі ортақ кепіл мүлкімен қамтамасыз етілетіндей не ортақ қамтамасыз етудің болуы жағдайларын қоспағанда, олардың міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету түрінде олардың жиынтық сомасы қарыздың баланстық құнының 35 (отыз бес) пайызынан артық өтейтін сол бір тұлғаның кепілдігі және (немесе) кепілгерлігі ұсынылатындай етіп байланысты болса;

10) қарыз алушылар сақтандыру полистері, резервтік аккредитивтер, кепілгерліктер, сондай-ақ "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының және олардың еншілес ұйымдарының, "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамының, Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікті дамыту және қолдау институттарының, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігі бар Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігінің, Standard & Poor's агенттігінің (Стандарт энд Пурс) "B"-дан төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарының, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің кепілдіктері түрінде берілген қамтамасыз етудің болу жағдайларын қоспағанда, қарыз алушылардың бірі басқа қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін кепіл мүлкін, кепілдік, кепілгерлік беретіндей байланысты болса;

11) қарыз алушылар:

мына мемлекеттердің: Андорра князьдігі, Лихтенштейн князьдігі, Либерия Республикасы, Монако князьдігі, Маршалл аралдары (Маршалл аралдары Республикасы) аумағында тіркелген заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары болып табылса, не;

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы ақпарат алмасу жөнінде міндеттемелер қабылдамаған офшорлық аумақтар тізбесіне жатқызған мемлекеттердің аумағында тіркелген заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары болып табылса, не;

ірі қатысушылары, үлестес тұлғалары, жақын туыстары, бірінші басшылары не осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген мемлекеттерде тіркелген немесе азаматтары болып табылатын осы қарыз алушылармен мәмілелер жасасуға мүдделі тұлғалары бар болса;

12) қарыз алушылар өзара Банктер туралы заңда көзделген басқа негіздер бойынша байланысты болса;

13) қарыз алушылар жылжымайтын мүлік құрылысы жөніндегі жобаның тапсырыс берушісін, салынып жатқан объект құрылысы бойынша үлескер қатысушыларды және үлескер қатысушылардың кепілгерлерін қоса алғанда, жылжымайтын мүлік құрылысы жөніндегі жобаның қатысушылары болып табылады. Осы тармақшада аталған қарыз алушылар тобы құрған бір қарыз алушыға келетін тәуекел мөлшері салынып жатқан объектінің құрылысы бойынша үлескер қатысушылар - жеке тұлғалардың және (немесе) үлескер қатысушылар кепілгерлерінің қатысуымен құрылған топ үшін осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларына сәйкес бір қарыз алушыға сияқты келетін тәуекел мөлшерінің жиынтық есебіне қабылданбайды.";

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Бір қарыз алушыға келетін, оның ішінде банктің тәуекел мөлшері:

1) қарыздар, салымдар, дебиторлық берешек, бағалы қағаздар (Нормативтердің 11-тармағында көрсетілген инвестицияларды қоспағанда);

2) Нормативтерге 6-қосымшаға сәйкес Банктің кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесіне сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер;

3) банкте олар бойынша секьюритилендірудің негіздемелік тәсілін қолдануға уәкілетті органның жазбаша растамасы жоқ қарыз алушыларға қатысты секьюритилендірілген активтер;

4) секьюритилендіру позициялары;

5) көрсетілген қаржы құралдары мен олар бойынша кредиттік тәуекелдің нарықтық құнының сомасы ретінде есептелген кредиттік тәуекел дәрежесі

бойынша сараланған своптар, фьючерстер, опциондар, форвардтар түріндегі талаптар сомасы ретінде есептеледі.

Своп, фьючерс, опцион және форвард операциялары бойынша кредиттік тәуекел көрсетілген қаржы құралдарының номиналдық құнының Нормативтерге 7-қосымшаға сәйкес Туынды қаржы құралдарына арналған кредиттік тәуекел коэффициенттерінің кестесінде көрсетілген және көрсетілген қаржы құралдарын өтеу мерзімімен айқындалатын кредиттік тәуекел коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының нарықтық құны (ауыстыру құны) мынаны:

сатып алуға арналған мәмілелер бойынша – қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы қаржы құралының номиналдық келісімшарттық құнынан асу шамасын білдіреді. Егер қаржы құралының ағымдағы нарықтық құны оның номиналдық келісімшарттық құнынан аз немесе оған тең болса, ауыстыру құны 0 (нөлге) тең болады;

сатуға арналған мәмілелер бойынша – қаржы құралының номиналдық келісімшарттық құнының осы қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнынан асу шамасын білдіреді. Егер қаржы құралының номиналдық келісімшарттық құны оның ағымдағы нарықтық құнынан аз немесе оған тең болса, ауыстыру құны 0 (нөлге) тең болады.

Бивалюталық қаржы құралдары (талабы мен міндеттемесі түрлі шетел валютасында көрсетілген қаржы құралдары) бойынша ауыстыру құны талаптардың теңгемен баламасының есептілікті жасау күні белгіленген бағам бойынша айқындалған міндеттемелердің теңгемен баламасынан асу шамасы ретінде айқындалады. Егер талаптардың теңгемен баламасының шамасы міндеттемелердің теңгемен баламасынан аз немесе оған тең болса, ауыстыру құны 0 (нөлге) тең болады.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының номиналдық келісімшарттық құны қаржы құралдарының бухгалтерлік есептің тиісті шоттарында мәмілелер жасау күні көрсетілген құнын білдіреді. Бивалюталық қаржы құралдарының номиналдық келісімшарттық құны ретінде банкте талаптар қалыптастырылатын валюта алынады.

Сатылған опциондар бір қарыз алушыға келетін тәуекел мөлшеріне қосылмайды;

б) Нормативтерге 5-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген Қазақстан Республикасының резидент-банктеріне және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктеріне корреспонденттік шоттар бойынша талаптар;

7) металл шоттар бойынша талаптар;

мыналар:

ХҚЕС-ке сәйкес қалыптастырылған резервтер сомасы, сондай-ақ осы міндеттемені қамтамасыз ету ретінде банк иелігіне берілген салымдар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "АА"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік бағалы қағаздары;

тазартылған бағалы металдар;

тауардың шығу тегі туралы сертификаты және құрамында кемінде 10 (он) пайыз таза алтынның бар екендігі туралы химиялық талдауы бар өңделмеген бағалы металдар (күйма түріндегі Доре қорытпасы);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері;

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының, "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кепілдіктері;

Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "А"-дан төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің кепілдіктері немесе Резервтік аккредитивтердің халықаралық практикасына (International Standby Practices, ISP98) немесе Талап ету бойынша кепілдіктер үшін біріздендірілген қағидаларға (Uniform Rules for Demand Guarantees, URDG758) сәйкес шығарылған резервтік аккредитивтері;

Standard & Poor's агенттігінің (Стандарт энд Пурс) "А"-дан төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар экспортты қолдау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын, шет мемлекеттердің қатысуымен құрылған сақтандыру ұйымдарымен және экспорттық-кредиттік агенттіктерімен жасалған сақтандыру төлемі бойынша міндеттемелерді шартсыз және қайтарымсыз орындау туралы тармақтарды қамтитын кепілдіктері мен сақтандыру шарттары;

эмитенті "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы не олардың еншілес ұйымдары болып табылатын және банктің осындай қамтамасыз етуді шартсыз өндіріп алуға құқығы бар, банк сатып алған бағалы қағаздар бойынша банк шығарған және қамтамасыз ету ретінде берілген бағалы қағаздар;

экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігі бар Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігімен жасалған сақтандыру төлемі жөніндегі міндеттемелерді шартсыз және қайтарымсыз орындау туралы тармақтарды қамтитын бар сақтандыру шарттары түріндегі қарыз алушының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету сомасы шегеріле отырып есептеледі.

Бір қарыз алушыға келетін тәуекел есебіне мыналар кірмейді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Ұлттық Банкке, жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (жүз) пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлғаға, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына қойылатын талаптар, банктің балансынан есептен шығарылған банктің қарыз алушыға қоятын талаптары, ХҚЕС-ке сәйкес резервтердің 100 (жүз) пайызы қалыптастырылған банктің қарыз алушыға қоятын талаптары;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар бағалы қағаздар бойынша талаптар;

банктің еншілес ұйымға қоятын талаптары;

банктің Банктер туралы заңға сәйкес бұрын еншілес банк болған, қайта құрылымдауды және бір мезгілде активтер мен міндеттемелерді бас банкке беру операциясын жүзеге асырған заңды тұлғаға қоятын талаптары;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап қоса алғанда 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде клиринг ұйымының (орталық контрагенттің) кепілді немесе резервтік қорларына жарна, маржалық жарна, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын ақша түрінде қойылатын талаптар.";

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Банктің ішкі активтері Қазақстан Республикасының резиденттеріне активтерді (ақшаны) және талаптарды (орналастырылған салымдар, берілген қарыздар, үлестік және борыштық бағалы қағаздар, дебиторлық берешек), Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғаларының жарғылық капиталына қатысуды, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан (орналасқан) материалдық емес активтер мен тазартылған бағалы металдарды, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігі бар Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігімен жасалған сақтандыру төлемі жөніндегі міндеттемелерді сөзсіз және қайтарып алынбайтын орындау туралы тармақтарды қамтитын сақтандыру шарттарымен қамтамасыз етілген, Қазақстан Республикасынан өңделген тауарлар мен

көрсетілетін қызметтер экспортын қаржыландыру үшін берілген қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ теңгемен шығарылған және "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының сауда жүйесінде саудаланатын халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын, сондай-ақ теңгемен, сондай-ақ шетел валютасымен (АҚШ доллары, ЕУРО) шығарылған, шығару проспектісінде Қазақстан Республикасының аумағында жобаларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының резиденттеріне кредит беруге тартылған қаражатты міндетті түрде жіберу талабы көзделген, және "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының сауда жүйесінде, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығындағы қор биржасында саудаланатын халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын білдіреді.

Банктің ішкі міндеттемелері реттелген борышты, мерзімсіз қаржы құралдарын, банк шығарған борыштық бағалы қағаздар мен кастодиандық шарт негізінде банк қабылдаған қаражаттың инвестицияланбаған қалдықтарын, сондай-ақ банктердің, "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының, "KASE клирингтік орталығы" акционерлік қоғамының, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының корреспонденттік шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденттері алдындағы міндеттемелерді білдіреді.

Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициентті есептеу мақсаттары үшін Нормативтердің 86 және 87-тармақтарына сәйкес мыналардың:

жарғылық капиталдың, не;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-еншілес ұйымдарының реттелген борышына инвестициялар, Қазақстан Республикасының бейрезидент-еншілес ұйымдарының акциялары шегерілген, бухгалтерлік баланс деректеріне сәйкес меншікті капиталдың 0,75-ке көбейтілген ең аз шамасы пайдаланылады.

Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициент:

клиенттердің ақша қаражатының әкетілуіне;

теңгенің шетел валюталарына қатысты биржалық бағамының өзгеруіне байланысты активтер мен міндеттемелердің құнын қайта бағалауға;

банк міндеттемелерінің валюталық құрылымының өзгеруіне байланысты банкке байланыссыз мән-жайлар бойынша белгіленген ең төменгі мәндерден төмендеген жағдайда 2022 жылғы 21 ақпаннан 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңді қоса алғанда бұзылған болып есептелмейді.

Банк осындай төмендеу анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай төмендеу анықталған күннен бастап 9 (тоғыз) айға дейінгі мерзімде

банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициентті белгіленген ең төменгі мәндерден кем емес деңгейге дейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын уәкілетті органға келісуге жібереді.

Уәкілетті орган осы тармақтың бесінші бөлігінде көрсетілген іс-шаралар жоспарын келісуді оны ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде жүзеге асырады.

Егер осы төмендеу іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициентінің төмендеуі көрсетілген төмендеу анықталған күннен бастап осы нормативтің бұзылуы ретінде қаралады.";

5-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2024 жылғы 29 наурыздағы
№ 16

Банктің пруденциялық
нормативтерінің және сақталуы
міндетті өзге де нормалары мен

лимиттерінің нормативтік
мәндері мен оларды есептеу
әдістемелеріне, капиталының
мөлшеріне
5-қосымша

Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесі

№	Баптар атауы	Тәуекел дәрежесі пайызбен
I топ		
1.	Қолма-қол теңге	0
2.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің қолма-қол шетел валютасы	0
3.	Тазартылған бағалы металдар	0
4.	Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілген қарыздар	0
5.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	0
6.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілген қарыздар	0
7.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	0
8.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	0

9.	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына берілген қарыздар	0
10.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өзге де талаптар	0
11.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	0
12.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар, Еуразиялық даму банкіндегі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен салымдар	0
13.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің дебиторлық берешегі	0
14.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша дебиторлық берешегі	0
15.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0
16.	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0
17.	"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі", "	0

	Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен номинирленген бағалы қағаздар	
18.	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (жүз 0) пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлға шығарған бағалы қағаздар	0
19.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	0
20.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	0
21.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктерге ашық корреспонденттік шоттар бойынша талаптар	0
22.	Тәуекелдің I тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы	0
II топ		
23.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің қолма-қол шетел валютасы	20

24.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	20
25.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	20
26.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	20
27.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына берілген қарыздар	20
28.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар	20
29.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға берілген қарыздар	20
30.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	20
	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-	

31.	ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	20
32.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар	20
33.	Тәуекелдің I тобына жатқызылған дебиторлық берешекті қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының дебиторлық берешегі	20
34.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі	20
35.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	20
36.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	20
37.	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар	20

38.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	20
39.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар	20
40.	Банк баланста ұстап тұратын және Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AAA"-тен "AA"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-тен "kzAA"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары	20
41.	Тәуекелдің II тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы	20
III топ		
42.	Тазартылмаған бағалы металдар	50
43.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	50
44.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар	50

	елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	
45.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	50
46.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейін төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар	50
47.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға берілген қарыздар	50
48.	Мынадай талапқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 77, 79 және 80 - жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда): берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы қоса алғанда кепіл құнының 50 (елу) пайызынан аспайды	35
49.	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (жүз) пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлғаның сатып алу үшін белгіленген талаптарына сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары, сондай-ақ олар бойынша сыйақылар	35
50.	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (жүз) пайызы Қазақстан	35

	Республикасының Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлғаға қайта берілген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талаптар	
51.	Мынадай талаптарға сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 77, 79 және 80 -жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда): берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы қоса алғанда кепіл құнының 51 (елу бір) пайызынан 85 (сексен бес) пайызына дейін қоса алғандағы шекте болады	50
52.	Басқа да ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 77, 79 және 80-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда	100
53.	Олар бойынша қарыздардың өтелмеген бөлігінен халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес 35 (отыз бес) пайыздан аз провизиялар (резервтер) қалыптастырылған Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (токсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 76, 77, 78, 79 және 80 -жолдарында көрсетілген, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген кепілсіз тұтынушылық қарыздарды қоспағанда)	100
54.	Олар бойынша қарыздардың өтелмеген бөлігінен халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес 35 (отыз бес) пайыздан көп және 50 (елу) пайыздан аз провизиялар (резервтер) қалыптастырылған Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (токсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (75

	ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 76, 77, 78, 79 және 80-жолдарында көрсетілген, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген кепілсіз тұтынушылық қарыздарды қоспағанда)	
55.	Олар бойынша қарыздардың өтелмеген бөлігінен халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес 50 (елу) пайыздан көп провизиялар (резервтер) қалыптастырылған Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 76, 77, 78, 79 және 80-жолдарында көрсетілген, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген кепілсіз тұтынушылық қарыздарды қоспағанда)	50
56.	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілерге берілген, мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін қарыздар: 1) қарыз сомасы 500 (бес жүз) миллион теңгеден немесе меншікті капиталдың 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайызынан аспайды; 2) қарыз валютасы – теңге	2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 31 желтоқсан аралығын қоса алғанда – 50 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 75
57.	Синдикатталған қаржыландыру шеңберінде заңды тұлғаларға теңгемен берілген қарыздар	2022 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 31 желтоқсан аралығын қоса алғанда – 50
58.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-дан "BBB-" дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	50
	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-дан "BBB-" дейінгі борыштық рейтингі	

59.	немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	50
60.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "A+"-дан "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар	50
61.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "A+"-дан "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі	50
62.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-дан "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	50
63.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-дан "BBB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	50
64.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	50
65.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "A+"-тан "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған	50

	ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар	
66.	<p>Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілер шығарған, "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының ресми тізімінің "Негізгі" немесе "Баламалы" алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген, "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының және (немесе) "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кепілдігі бар, сомасы осы бағалы қағаздардың номиналды құнының кемінде 50 (елу) пайызын жабатын және мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін бағалы қағаздар:</p> <p>1) эмитенттің бір бағалы қағаздар шығарылымына салынған инвестициялар меншікті капиталдың 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызынан аспайды;</p> <p>2) бағалы қағаздар шығарылымының валютасы – теңге.</p>	50
67.	<p>Банк баланста ұстап тұратын және Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzA+"-тен "kzA"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары</p>	50
	<p>Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB-"-тен "BB-"-ке дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі</p>	

68.	бар Қазақстан Республикасының резидент банктеріне немесе Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB"-тен "BB+"-ке дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банкіне ашылған корреспонденттік шоттар бойынша қойылатын талаптар	50
69.	"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамына қойылатын талаптар	50
70.	Тәуекелдің III тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы (осы кестенің 49 және 50-жолдарында көрсетілген активтер бойынша есептелген сыйақыны қоспағанда)	50
IV топ		
71.	Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	100
72.	Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	100
73.	Standard & Poog's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	100
